



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2018 жылдың 23 шілдесі

### **KASE және "KAZENERGY" ассоциациясы меморандумға қол қойды**

"Қазақстан қор биржасы" (KASE, Биржа) және "KAZENERGY" "Қазақстан мұнай газ және энергетикалық кешен ұйымдарының ассоциациясы (әрі қарай – Ассоциация) ОЮЛ өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды (әрі қарай – Меморандум).

Меморандум жасау отандық және шет елдік компанияларды, оның ішінде Ассоциацияның компания мүшелерін эмитенттер мен инвесторлар ретінде Қазақстанның қор нарығына тарту бойынша ұсынымдарды әзірлеу аясында KASE және Ассоциациялардың өзара әрекетіне бағытталған. Сондай-ақ Меморандумның мақсаты Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің отандық қор нарығы мен оның мүмкіндіктері туралы ақпарат алуын арттыру болып табылады.

Биржа және Ассоциация Қазақстанның қор нарығына шығуды жоспарлап отырған, отандық және шет елдік компанияларға ақпараттық қолдау көрсету үшін байланыс алаңын ұйымдастыру және бірлескен конференция ұйымдастыруды жоспарлауда. Ассоциацияның компания мүшелері үшін оқу өткізуді көздеп отыр.

#### **Анықтама үшін**

"KAZENERGY" Ассоциациясы 2005 жылдың 2 қарашасында құрылды және Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін тұрақты әрі қарқынды дамытуда қалыпты жағдай қалыптастыруға ықпал ететін, тәуелсіз ерікті коммерциялық емес заңды тұлғалардың бірлестігі болып табылады. 10 жылдам астам тарихы бар Ассоциация оңунай газ және энергетикалық кешендердің 80-нен астам ойыншыларын, оның ішінде өндіруші және транспорт, сервисінің және геофизикалық, уран және басқа да трансұлттық компанияларды біріктірді.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық құралы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша екінші орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша алтыншы орында.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz*